4) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының іске асырылуы:
Талдау нәтижесі: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны, 2024 – 2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының оқу- ағарту министрлігінің 2024 жыл 30 шілде №194 «Бүртұтас тәрбие бағдарламасын» негізге ала отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 508 қаулысымен 29.06.2023 бекітілген « Қазақстан Республикасындағы нашақорлық және есіртке бизнесіне қарсы қимыс іс- қимылдың 2023-2025 жылдарға арналған құзырлы органдармен бірлесе жасалған жоспарын негізге ара отырып«М.Горький атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ- нің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын»іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы мекемелермен бірлескен 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары» білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерін құру аясында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс – шаралар жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 130 бұйрығы негізінде жасалған.

Мектеп тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жаңа 2024-2025 оқу жылы құрастырылған Түркістан облыстық білім басқармасы «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жолдауын» негізге ала отырып жасалынған.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 2023-2024 оқу жылы Садиярова М.А., Алимбекова Б.Б оқу жылдарына арналған жылдық жоспарлары құрылып , бекітілген. 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарының атқарылуы туралы мәтіндік есебі бар. Талдауда тәрбие жұмысының бағыттары, мақсаты және міндеттері айқындалған, қорытынды жасалынған.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге

тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Сынып сағаттар аптасына 1 рет дүйсенбі күні өткізілген. Сыныптан тыс жұмыстар атаулы мерекелік даталы күндерге орай ұйымдастырылып өткізілген. Іс-шараларға ата - аналар коммитетінің мүшелері , ауыл биі, қамқоршылық кеңес төрағасы , мектеп инспекторы үнемі қатысқан.

Мектепте 2024-2025 оқу жылдарына арналған ата-аналармен атқарылатын жұмыс жоспарлары дайындалып, бекітілген. «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми – әдістемелік Кеңесі 2024 16 тамыз №5 хаттамасымен бекітілген орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылған жспар құрылып, бекітілген жұмыстар жүргізіліп хаттамалар түзілген әлеуметтік желілерге жарияланып отырған.

Әр тоқсан сайын мектепішілік ата-аналар жиналысының жоспары түзіліп, бекітілген. Өткізілген жиналыстардың хаттамалары жинақталған, ата-аналар комитетінің мүшелері бекітілген.

Жалпы ата-аналар жиналысында ҚР «Білім заңы», «Неке және отбасы», «Отбасылық дәстүрлер» , «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру»,
«Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу», «Баланың тәрбиесінде ата-ананың ролі», «Жанұяда балаға зорлық-зомбылық болмасын»ата-аналарға тренинг«Бала еңбегін заңсыз пайдалану»
«Балалардың жақсы оқуға деген ынтасына жанұяның тигізетін әсері »
«Баланың құқықтары мен міндеттері» « "Отбасындағы әкенің рөлі"5-сынып әкелерімен дөңгелек үстел», "

Сыныптар, «Оқырмандар отбасы» *(«Ата-аналар мектебі»жобасы)* Аналар мектебі, Әкелер клубы және ата-аналарды қолдау отралығы бойынша жас ерекшеліктеріне сәйкес 3 топқа бөліп әр топта 8 тренинг сабақтар өткізілген,хаттама жазылған. Ата-аналарға кеңестер және әңгімелер жүргізілген.Жиналысқа қатысушы ата-аналардан үнемі мектептің жұмысы туралы сауалнамалар алынған, ата-аналарға кеңес беру ретінде жадынамалар таратылған.

Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 2024-2025 ж жылдық жоспары дайындалып бекітілеген. Құқықтық кеңес құрамы бекітілген жоспар бойынша жиналыс өткізілген хаттамалар жазылған. Атқарылған іс –шаралардың жылдық есебі бар. Осы тақырып аясында оқушылар мен мұғалімдер, ата-аналармен өткізілген жиналыстарда «Бала құқықтары туралы Конвенция», «ҚР Бала құқықтары» туралы Заңы, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын-алу» тақырыптарында мектеп инспекторы баяндамалар жасап, кеңес берілген.

Қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу бойына соның ішінде салауатты өмір салтын ұстану, зиянды әдеттерден аулақ болу , АИТВге қарсы іс –шаралар оқушыларға жиналыстар ,сынып сағаттар, дәрістік сабақтар, кеңес беру сабақтар, пікірталас , дебат түрінде өткізілген. Іс-шараларға әлеуметтік –педагогтар, мектеп медбикесі, педагог – психологтар , сынып жетекшілері , кітапхана меңгерушісі қатысқан. Атқарылған іс-шаралардың мәліметі бар. Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепте «Мобильді топ» құрылған.Жоспар бойынша рейд жүргізілген, одан бөлек мерекелік күндерде ДТІЖО мен мектеп инспекторы, ата-аналар комитетінің мүшелерімен бірлесе қаладағы кафе, мейрамхана, орталық саябақ аймағында рейдтер жүргізілген.

2024 – 2025 оқу жылы барысында АІІБ-де есепте 11 сынып оқушы Нұрлыбек Нурислам себепсіз сабақтан көп қалуына байланысты есепте тұрған, ал мектепішілік есепте 10 сынып оқушылары Ертаза Ернұр мен Мамыр Ерасы үнемі сабаққа кешігіп келі мен сабақтан себепсіз қалуы бойынша оқу жылының бірінші жартысында , 8 сынып оқушысы Самат Мади оқу жылының екінші жартысында жоғарыда айтылған себептермен мектепішілік құқықтық кеңес шешімімен мектепішілік есепке алынып, оқушылармен мектепте тәлімгер бекітіліп, жеке атқарылатын жұмыс жоспары дайындалып бекітілген. Психологтар тарапынан жеке зерттеу жұмыстары, сынып оқушылармен қарым –қатынас жасау жұмысы, сыныптан тыс уақытында үйірмеге қатысу жоспары жасалған, мәліметтері бар.2024-2025 оқу жылының екінші жартысында 10 сынып оқушылары Ертаза Ернұр мен Мамыр Ерасы сабаққа қатысуы мен тәртібіінің түзелуіне байланысты құқықтық кеңес қаулысымен мектепішілік есептен шығарылды.

Оқу жылының тәрбие жұмысының мәселелері, нәтижелері педагогикалық кеңесте, сынып жетекшілері кеңесінде, ата-аналар комитетінің отырыстарында, құқықтық кеңес отырыстарында қарастырылған. Өткізілген сыныпішілік және мектепішілік тәрбие іс-шараларының қорытындысы сарапталған.

«Мектепте қосымша білім беру жүйесінің жұмысы бойынша талдау», «Мектептің тәрбие жұмысының есебі», «Ерте жүкітіктің алдын алу жұмыстары, «Құқықбұзушылық алдын алу жұмыстары» жоспар бойынша жүргізілген анықтама мен хаттамалар жазылған.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында **құндылықтар** бойынша атқарылған іс-шаралардың сандық есеп көрсеткіші

р/с	Жобалар	Мектепшілік деңгейде	Қалалық/ аудандық деңгейде	Облыстық деңгейде	Республикалық деңгейде	Жалпы:
		2024-2025 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
1	«Тәуелсіздік пен отаншылдық құндылығын декомпозициялау»	21	7			28
2	«Бірлік және ынтымақ құндылығын декомпозициялау»	14	5			19
3	«Заң және тәртіп құндылығын декомпозициялау»	20	4	2		26
4	«Әділдік пен жауапкершілік құндылығын декомпозициялау»	6				6
5	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығын декомпозициялау»	11	6			17
6	«Жасампаздық және жаңашылдық құндылығын декомпозициялау»	9	2			11
Жалпы:		81	24			107

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында **әлеуметтік жобалар арқылы құндылықтарды енгізу** бойынша атқарылған іс-шаралардың сандық көрсеткіші

р/с	Жобалар	Мектепшілік деңгейде	Қалалық/ аудандық деңгейде	Облыстық деңгейде	Республикалық деңгейде	Жалпы:
		2024-2025 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
1	«ҚАМҚОР»	14				
2	«SMART BALA»	56				
3	«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ»	4	2	2		8
4	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН»	24				
5	«ШАБЫТ»	34				
6	«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ»	25				
Жалпы:		161				

Мектепте «Ұл тәрбиесі , қыз тәрбиесін» жүзеге асыру мақсатында мектебімізде «Даналық » мектебі, «Нәзіктік» қыздар ұйымы жұмыс жасайды. Мектептегі 5-11 сынып оқушылары осы ұйым мүшелері . «Даналық » мектебінің жылдық жұмыс жоспары **2024-2025 оқу жылындағы АПҚО сабақтарына қатысқан ата-аналар саны және өткізілген сабақтар саны**

№	**Қала/аудан**	**АПҚО сабақтарына қатысқан ата-аналар саны**			**АПҚО өткізілген сабақтар саны**		
		Бастауыш буын	**Орта буын**	**Жоғары буын**	**Бастауыш буын**	**Орта буын**	**Жоғары буын**
		2024-2025 оқу жылы	**2024-2025 оқу жылы**	**2024-2025 оқу жылы**	**2024-2025 оқу жылы**	**2024-2025 оқу жылы**	**2024-2025 оқу жылы**
1	Шардара М. Горький атындағы ЖББМ	231	103	97	8	8	8

дайындалып бекітілген. Атқарылған жұмыстардың есебі жазылған, ұйым мүшелері бекітілген . Мектепішілік «Даналық » мектебінің қатысуымен «Менің Отаным-менің отбасым», « Ұстаздың еңбегі сөнбес» ардагер ұстаздармен кездесу , «Ұрпақтар сабақтастығы», «Қолөнер асыл қазынамыз» тақырыбында кездесу болып өтті. «Қарттарын қадірлеген- ел ардақты» «Әкеге қарап ұл өсер» тақырыбында ауданға белгілі тұлғалармен кездесу өткізілген. Аудандық аурухана гинекологі, психологі, уролог және

аудандық жастар орталығының мамандарымен кездесулер және тренингтер өткізілген. Қыздар жиналыстарында «Ерте жүктілік және оның зардаптары», «Сіз ересек өмірге дайынсыз ба?» тренинг, «Жасөспірім қыздардың гигенасы» тақырыбында лекция, «Жыныстық қолсұғылмаушылық және ерте жүктіліктің алдын алу» бойынша сынып сағаттары, «Қыздың ішкі әлемінің сұлулығымен мазмұны» эссе т.б тақырыптарда баяндамалар оқылып,тәрбие мамандары психологтар, әлеуметтік-педагогтар, мектеп медбикесі, сынып жетекшілері кеңестер беріп, тренинг сабақтар өткізілген. Сонымен қатар мектебімізде ерте жүктілік бойынша психологтар қыздармен жете жұмыс жүргізілген.

Сынып жетекшілерінің педагогика, психология және тәрбие теориясы мен практикасының негізгі мәселелері бойынша ғылыми – әдістемелік, теориялық дайындық деңгейлерін көтеру, сынып ұжымының тәрбиелік іс – шараларын жоспарлау, ұйымдастыру және педагогикалық талдауды үйлестіру мақсатында сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі құрылған. Бірлестік жоспар бойынша жұмыс атқарып,хаттамалар түзілген,талдау есептері бар.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде 9 айда 9 іс-шара өткізілген. Әлеуметтік желілерге жарияланған.

- **қыркүйек** Сергіту сәті
- **қыркүйек** Әнұран орындау
- **қараша** Асық ату
- **желтоқсан** Шығарма жазу
- **қаңтар** Қазақ есебі
- **ақпан** Оқуға құштар мектеп
- **наурыз** Домбырашылар
- **сәуір** Шахмат ойнау
- **мамыр** Жасыл мекен

Тәрбие жұмысының құндылықтары «Ар - ұят», «Ұлттық мүдде», «Талап » көрсетілген. Әдістемелік бірлестік отырыстарында сынып жетекшілері тәрбие берудегі жаңа технологияларды оқушылармен, ата-аналармен жұмыс жүргізуде өз тәжірибелерімен бөліседі. Әдістемелік бірлестік жұмысына жауаптылар хаттамаларды жинақтаған. Тәрбие жұмысының талдануы тәрбие жұмысында нақтыланған бағыттар бойынша анық көрсетілген. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы бойынша жүйелі жұмыс жүргізілген. Оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен нәтижелігі бойынша мониторинг өткізудің сапасы сынып жетекшілерімен де, сынып жетекшілері бірлестігінің жетекшісімен де жүргізіліп, бірлестік отырыстарында қаралған.

ҚОРЫТЫНДЫ: **ЖББ МЖМБС** 2-қосымшасының 7-тармағына, 3 – қосымшаның 15-тармағына, 4-қосымшаның 16-тармағына сәйкес келеді.